На этапе формирующего эксперимента мы поставили цель: с позиций культурологического-деятельностного-интегративного подходов проверить разработанную нами методику, в частности, её эффективность на практике.

**Результаты формирующего эксперимента уровня  
сформированности нравственных качеств учащихся старших классов**

Уровни сформированности	Количество обучающихся (%)			
	Экспериментальная группа		Контрольная группа	
	В начале эксперимента	В конце эксперимента	В начале эксперимента	В конце эксперимента
Высокий	18,05	35,8	18,5	20,8
Средний	48,8	49,4	50,6	49,7
Низкий	33,15	14,8	30,9	29,5

Данные формирующего эксперимента демонстрируют нам, что уровень сформированности нравственных качеств у учащихся экспериментальной группы повысился на 17,3% на высоком уровне, и на 18,35% понизился на низком уровне в плане уменьшения учащихся с низким уровнем сформированности нравственных качеств по сравнению с контрольными группами, где произошли незначительные изменения. Высокий уровень повысился только на 2,3%, а на низком уровне количество уменьшилось в 1,4%. У учащихся контрольной группы существенных изменений по уровням сформированности нравственных качеств не обнаружено, что свидетельствует о том, что обучение без применения специально организованной методики не обладает достаточной направленностью на развитие нравственных качеств.

Таким образом, результаты формирующего эксперимента позволяют сделать вывод о позитивной динамике по уровням сформированности нравственных качеств старшекласников, которая наблюдалась в экспериментальной группе на 17,3%, а следовательно об эффективности разработанной нами методики.

## ЛИТЕРАТУРА:

1. Назарбаев, Н.А. Послание Президента Республики Казахстан народу Казахстана: Стратегия «Казахстан-2050» – 14 декабря 2012.
2. Талызина, Н.Ф. Управление процессом усвоения знаний – М., 1984. – 343 с.  
Ягич, И.В. Язык и моделирование социального взаимодействия – М., 1987. – 463 с.

**ШЕТЕЛ ТІЛІНДЕ БІЛІМ БЕРУДЕГІ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАТЫСЫМДЫҚ  
ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ОҚЫТУ МАТЕРИАЛДАРЫ**

**Суттибаев Н.А.** аға оқытушы  
**Тұлеубаева Б.Б.**, аға оқытушы

*Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті  
Алматы, Қазақстан*

*Аңдатпа.* Шетел тілінде білім берудегі мәдениетаралық қатысымдық құзыреттілікті қамтамасыз ететін оқыту материалдары туралы сөз қозғайтын болсақ, алдымен шетел тілін оқытудың мазмұнын, оның мазмұнын құраушыларды анықтап алуымыз қажет. Тілді үйренуге білімалушының

қызығушылығының артуы тек мұғалімге ғана байланысты емес, сонымен бірге оқыту материалдарына тікелей байланысты. Бұл жердегі мұғалімнің рөлі берілген материалды білімалушыға заманауи технологиялардың көмегімен түсінікті, қызықты етіп көрсету.

*Түйін сөздер:* мәдениетаралық, қатысымдық, құзыреттілік, қалыптастыру, кәсіби, лингвистикалық, психологиялық, методологиялық

*Abstract.* When speaking of teaching materials that facilitate formation of intercultural communication competence in teaching foreign languages, first, we need to determine the content of foreign language teaching and the content of its components. Increase in students' interest in learning a language depends not only on the teacher, but also directly on teaching materials. The role of a teacher is to teach the given material to students through modern technologies, in a more accessible and interesting way.

*Key words:* intercultural, communication, competence, formation, professional, linguistic, psychological, methodological.

Қазіргі кездегі дидактика мен әдістеме ғалымдарында шетел тілін оқытудың мазмұны әрқашан өзгеріске түсіп, дамып отыратын, оқыту үдерісімен тығыз байланыстағы категория ретінде қарастырылады. Оқыту үдерісінің мазмұнына мұғалімнің іс-әрекеті, білім алушының оқудағы іс-әрекеті, оқыту материалдары және сол материалдарды меңгеру үдерісі жатады. Шетел тілін оқытудың мақсаты мәдениетаралық қатысымға қол жеткізу болғандықтан, оқыту мазмұнының компоненттерінің көптігі туралы айта кету жөн. И.Л. Бимнің айтуы бойынша шетел тілінің оқытудың мазмұнының құраушыларына пәндік және процессуалдық аспекспен бірге оқу үдерісіне қатысушылардың эмоционалды бағалау тәжірибесі кіреді. Оның классификациясы бойынша оқыту мазмұнын төмендегідей негізгі компоненттер құрайды.

- Қатысымдық іс-әрекеттің аялары, тақырыптары, ситуациялары мен оларды жүзеге асыру бағдарламалары, қатысымдық және әлеуметтік рөлдер, тілдік іс-әрекеттер мен тілдік материалдар (мәтіндер, тілдік үлгілер және т.б.);

- Тілдік материал және оны дұрыс қолдану ережелері;

- Шетел тілін мәдениетаралық ситуацияларда қолдана алуды меңгергендігін көрсететін арнайы тілдік іскерліктер кешені;

- Тілін үйреніп жатқан мемлекеттің ұлтық-мәдени ерекшеліктері мен айырмашылықтарын білу және оларды тілдік қатысымның түрлі аяларында қолдану жүйесі;

- Оқу және адаптивтік іскерліктер [1,20-6].

Сонымен осы жоғарыда атап кеткен компоненттерге әр қайсысына бөлек-бөлек тоқталып өтейік. Оқу мазмұнының пәндік жағы қатысымның келесі аяларында көрініс табады:

- Күнделікті

- Әлеуметтік-мәдени

- Оқу

- Кәсіптік

Кәсіби шетел тілін оқыту барысында қатысымды жүзеге асыруда мәтіндердің орны ерекше, себебі мәтіндер мәдениетаралық қатысымға жетудің тиімді жолдарының бірі болып саналады. Сондықтан мәтіндер міндетті түрде аутентті болуы тиіс. Оқу үдерісінің барысында білім алушылардың жас ерекшеліктеріне, білім деңгейлеріне қарай адаптацияланған, әр түрлі салаға байланысты аутенттік мәтіндер беруге болады.

Мысал келтіретін болсақ:

- Прагматикалық мәтіндер (сатып алатын заттардың тізімі, түрлі телерадио бағдарламалар, рецепттер);

- Эпистолярлық мәтіндер (жеке және іскерлік хаттар);

- Көркем әдебиеттерден үзінділер (өлең, әңгіме, эссе);

- Газет-журналдардан мақалалар (интервью, репортаж).

Мәтіндердің түрлері бағдарламада берілген тақырыптарға сәйкестендіріледі. Мысалы: егер тақырып «Қала, Қалалық көліктер» болатын болса, онда келесі мәтіндерді алуға болады: «Қалалық географиялық картасы», «Қоғамдық көліктердің түрлері», «Қаладағы ауа райының ластануы», т.б. Ал, Г.В. Рогованың пайымдауынша оқытудың мазмұнының негізгі үш құраушысы бар.

Олар: 1. Лингвистикалық

2. Психологиялық

3. Методологиялық [2,82-6].

Енді соларға тоқталып өтелік.

Шетел тілін оқытудың лингвистикалық құраушысында шетел тілін оқытуға қажет оқыту материалдарының үш түрі беріледі, олар:

1. Тілдік материал (лексикалық, грамматикалық, фонетикалық)
2. Сөздік материал (сөйлеу әрекетінің төрт түрі)
3. Әлеуметтік-мәдени материал

Шетел тілін оқыту үдерісінде оқыту материалдарын іріктеу кезінде шетел тілі білім алушыларға не үшін қажет екендігін анықтап алу қажет. Оқыту материалдарын іріктеуге әсер ететін факторларды атап өтсек, олар:

- Білім алушылардың жас мөлшері;
- Білім алушылардың тілдік деңгейі;
- Білім алушылардың жалпы білім деңгейі.

Мысал келтіретін болсақ, егер шетел тілін оқытудың мақсаты бастапқы деңгейде шетел тілдік қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыру болса, бізге көмекке тілдік ситуация келеді. Себебі тілдік ситуация бізге тілдік, сөздік және әлеуметтік-мәдени материалды анықтауға көмектеседі. Сонымен бірге, тілдік оқыту материалдарды іріктеу барысында біз білім алушыларға аталған материалды қолдану барысында қажет болатын тілдік, сөздік және әлеуметтік-мәдени дағдылар мен іскерліктерді анықтап алуымыз қажет. Осы жерде бізге оқыту мазмұнының психологиялық компоненті көмекке келеді. Әдістеме ғылымында дағдылар тілдің фонетикалық, лексикалық және грамматикалық жақтарын меңгерумен байланысты. Орыс ғалымы, психолог А.А. Леонтьевтің айтуы бойынша, қатысымға қол жеткізу үшін тек тілдік дағдыларды меңгеру азшылық етеді. Тілдік дағдылармен бірге тілдік іскерліктерді меңгеруге қол жеткізу қажет, себебі олар адамның эмоциясы, сезімі, қиялы, ойлау сияқты психикалық факторларымен байланысты творчестволық іс-әрекетке қол жеткізуге көмектеседі. [3,27-6].

Шетел тілін оқыту мазмұнының компоненттерінің келесі тобы – сөздік іскерліктерге келетін болсақ, әдіскер Н.Д. Гальскова оларды сөйлеу әрекетінің төрт түріне сәйкес анықтайды.

- шетел тілінде сөйлеу - яғни шетел тілінде диалогты қатысымға түсе алу және монолог түрінде өз ойын жеткізе алу;

- шетел тілінде тыңдап-түсіну - яғни қатысымға түскенде әңгімелесушінің айтқанын және шетел тіліндегі аудио-бейне таспаларындағы мәліметтерді, радио-телебағдарламаларды толық түсіне алу;

- шетел тілінде жазу - қажетті мәліметтерді жазбаша түрде жеткізе алу;

- шетел тілінде оқу – шетел тілінде берілген мәтіннің мақсатына байланысты түсіне алу.

Шетел тілін оқу барысында қатысымдық іскерліктерді дамытуда тілдік дағдылардың алатын орны ерекше. Себебі тілдік дағдылар тілдік материалдардың қай түрін болмасын (фонетикалық, лексикалық, грамматикалық) дұрыс, орнымен қолдана алу үшін өте қажет. Әдіскер ғалымдар тілдік дағдыларды екі топқа бөліп қарастырады. Олар:

1. Продуктивті - өз ойын жеткізу барысында қолданылады.

2. Рецептивті – мәтінде тануға негізделген.

Білім мен дағдылардың басым бөлігін білім алушы рецептивті түрде қабылдайды, себебі тыңдап және оқып түсіну үшін ол студент айтарлықтай көлемде тілдік материалды меңгеруі тиіс.

Шетел тілін оқытудың мазмұны тек тілдік қатысымға түсуге үйренуге бағытталмауы керек, жоғарыда айтып өткендей, сонымен бірге шетел тілін оқытудың мазмұны алғашқы сатылардан-ақ тілін оқып жатқан елдің мәдениетімен танысып, екі елдің мәдениетін салыстырып, оның айырмашылықтарын түсіне алуға бағытталуы тиіс. Осыған байланысты Н.Д. Гальскованың зерттеулерінің нәтижесінде келесі әлеуметтік-мәдени білімдер өзекті болып табылады. [4,96-6].

- эквивалентсіз (ана тілінде баламасы жоқ) лексиканы мәтіндерде танып түсіне алу, оны қажетті жерде қолдана алу, оны ана тілінде және шетел тілінде мағынасын түсіне алуы;

- тілін оқып жатқан елдің этникалық нормаларына сәйкес күнделікті және іскерлік қатысымға түсе алуы;

- тілін оқып жатқан елдің әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерін танып, түсіне алуы;

- тілін оқып жатқан елдің географиялық климаттық, саяси ерекшеліктерін білу және қажет кезде осы білімдерді пайдалана алуы;

- тілін оқып жатқан елдің тарихын (мәдени, техникалық, ғылыми) танып, оны ана тілінің тарихымен салыстыра алуы;

- тілін оқып жатқан елдегі өз замандастарының өмірімен таныс болуы (жұмыс, туризм, оқу, демалыс, мода т.б.);

- тілін оқып жатқан елдің ұлттық салт-дәстүрлері мен мейрамдарын біліп, оларды өз елдегілермен салыстыру. [5,96-6].

Осы аталған факторлармен бірге біз шетел тілін оқыту барысында білім алушыларда пайда болатын тілдік көрініс туралы айтсақ. Ол шетел тілін оқыту- мәдениетаралық қатысымға жетудің бірден-бір жолы, себебі тілді үйрену барысында білім алушы бөтен тілмен ғана емес, сонымен бірге бөтен

мәдениетпен де танысады. Ал бөтен тілді жетік меңгерген кезде білім алушы аталған бөтен мәдениетті өзінің мәдениетінен бөліп қарастыра алмайды, яғни (бөтен) (өзінікіне) айналады да, білім алушыда тілдік көрініс пайда болады. Бұл мәселе қазіргі кезде шетел тілін оқытудың өзекті мәселелерінің бірі болып есептеледі.

Шетел тілін оқыту процесінің сапасы тек мұғалімге ғана байланысты емес, сонымен бірге, бұл процесс білім алушы оқыту мазмұнын дұрыс түсініп, дұрыс қабылдай алу іскерліктеріне де байланысты. Осыған орай әдістеме ғылымымен айналысатын ғалымдардың бірі – Н.Д. Гальскованың бізге ұсынған іскерліктердің төмендегідей классификациясына тоқталып өтсек:

1. Интеллектуалды үдеріске байланысты іскерліктер:

- Оқып жатқан шетел тіліндегі бөтен құбылыстарды танып, оларды ана тіліндегі құбылыстармен салыстыра алу іскерлігі;

- Берілген мақсатқа сәйкес қажетті мәліметті анықтап, табу іскерлігі;

- Берілген мақсатқа сәйкес берілген мәліметті салыстыру, топтау, жүйелей алу іскерлігі;

- Оқыған немесе естіген мәліметті бағалай алу іскерлігі;

- Берілген мәліметтің негізгі ойын таба алу және оны ауызша және жазбаша түрде жеткізе алу іскерлігі;

- Тезис, план құрастыру іскерлігі.

2. Оқу әрекетін ұйымдастыруға байланысты іскерліктер:

- Түрлі режимде (жеке, жұппен, топта) жұмыс істеу іскерлігі;

- Мәлімет көздерін дұрыс пайдалана алу іскерлігі;

- Өзінің және басқалардың іс-әрекетін бақылау және оларды объективті түрде бағалау іскерлігі;

- Қажетті жағдайда білімалушыдан, серіктестерінен көмек сұрау іскерлігі.

3. Компенсациялық (адаптивті) іскерліктер:

-Түрлі лингвистикалық, контекстуалдық болжамдарды, берілген жеңілдіктерді (сөздіктер, мәтін соңында берілетін қосымша мәлімет, т.б.) пайдалана алу іскерлігі;

-Шетел тілінде жазу және сөйлеу барысында түрлі топ түрлерін пайланана алу іскерлігі (перифраз, синонимдер, т.б.);

- Мимика мен жесттерді орынды қолдана алу іскерлігі;

- Әңгіме барысын басқа арнаға бұра алу іскерлігі. [5,112-6].

Жоғарыда аталған шетел тілін оқытудың мазмұнын құрайтын компоненттердің барлығы да бір-бірімен тығыз байланыста, сондықтан студенттерге шетел тілінде оқыту материалдарын дайындаған кезде осы аталған факторлардың барлығын да ескеру қажет. Өзімізге белгілі жайт, шетел тілін оқытудың мазмұны оқу жүйесінің үш негізгі элементтерінен құралады.

Олар: *оқыту материалы-мұғалім-білім алушы.*

Тілді үйренуге білімалушының қызығушылығының артуы тек мұғалімге ғана байланысты емес, сонымен бірге оқыту материалдарына тікелей байланысты. Бұл жердегі мұғалімнің рөлі берілген материалды білімалушыға заианауи технологиялардың көмегімен түсінікті, қызықты етіп көрсету. Сондықтан шетел тілдерінде оқыту материалдарын дайындағанда мамандар оның жан-жақты қамтылғанын, шетел тілін оқытудың мақсатына, яғни тілге ғана емес, сонымен бірге мәдениетаралық қатысымға үйренуге бағытталғандығын қадағалауы тиіс.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бим И.Л. «Некоторые проблемы обучения диалогической речи». – Иностранные языки в школе. 1979, №5, 20 б.

2. Рогова Г.В., Рабинович Ф.М., Сахарова Т.Е. «Методика обучения иностранному языку в средней школе». – Москва: Просвещение, 1991, 82 б.

3. А.А. Леонтьев Язык, речь и речевая деятельность. – Москва, «Наука» 1974, 27 б.

4. Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. Язык и культура. Москва, 1983, 38 б.

5. Гальскова Н.Д. Межкультурное общение: проблема целей и содержания обучения иностранным языкам. – Иностранные языки в школе. 2004, №1, 96 б. / 112 б.

# КӘСІБИ-ШЕТТІЛДІК ДАЯРЛАУДА ШЕТЕЛ ТІЛІ МҰҒАЛІМІНІҢ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАТЫСЫМДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМЫТУ

Суттибаев Н.А. аға оқытушы

Тулеубаева Б.Б., аға оқытушы

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Шетел тілін білу мәдениетаралық өзара әрекеттің сәтті жүруіне кепілдік бермейді. Көп зерттеушілердің пікірінше білім алушылар мәдениетаралық тілдесуге дайын емес және шеттілдік мәдениетті үйренудің маңыздылығын жете бағаламайды. Қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыру кезінде қатысымдық әдістемені қолдану маңызды.

Түйін сөздер: Кәсіби-шеттілдік, мәдениетаралық, қатысымдық, құзыреттілік, лингвистикалық, социолінгвистикалық, ақпараттық

Abstract. Knowledge of a foreign language does not guarantee successful intercultural communication. According to many researchers, students are not ready for intercultural communication and do not understand deeply enough the importance of studying foreign culture. In the development of communicative competence, it is important to use communicative methodology.

Key words: foreign language professional, intercultural, communicative, competence, linguistic, sociolinguistic, informative

Мәдениетаралық қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыру, шетел тілінде сөйлеуге дайын болу оқудың негізгі мақсаты болып табылады. Шетел тілін білу мәдениетаралық өзара әрекеттің сәтті жүруіне кепілдік бермейді. Көп зерттеушілердің пікірінше білім алушылар мәдениетаралық тілдесуге дайын емес және шеттілдік мәдениетті үйренудің маңыздылығын жете бағаламайды.

Білім алушыға қатысымдық құзыреттіліктің даму белгілері:

1) Лингвистикалық құзыреттілік – фонологиялық, лексикалық, грамматикалық құбылыстарды білу; тілдік құралдармен оқып жатқан елдің тілдің жүйелі білу; грамматикалық дұрыс сөйлемдерді продукциялай білу; лингвистикалық талдау жасай білу.

2) Социолінгвистикалық құзыреттілік – тілдік формаларды таңдай білу, мәтінге байланысты оларды пайдалану және қайта құру; тілдік және тілдік емес тілдесуді жүзеге асыра білу.

3) Дискурсивтік құзыреттілік – оқу үдерісі кезінде жағдаятқа байланысты мәтіннің құрылымы; мәтінді жүйелей білу; қатысымдық мақсатқа сай келетін дискурс түрін таңдай білу; диалог жүргізе білу.

4) Социомәдени құзыреттілік – оқып жатқан елдің тілдік мәдениетін білу; балама лексикасын білу; бағдарламалар мен фильмдер көру кезінде тарихи-мәдени оқиғаларды дұрыс түсіндіре алу; астарлы ойларды түсіне білу.

5) Стратегиялық құзыреттілік – мәтіннің мазмұнын атауына, кіріспесіне немесе белгілі жүйесіне (кесте, график, диаграмма) қарап анықтай білу; сөйлесу кезінде таныс емес сөздердің мағынасын жағдаятқа қарай түсіне білу.

6) Әлеуметтік құзыреттілік – оқып жатқан тілдегі елдің негізгі құндылықтары мен салт-дәстүрлерін білу; негізгі әлеуметтік проблемаларын білу; серіктеспен қарым-қатынасқа түсе білу; өзін жағдаятқа байланысты ұстай білу.

7) Ақпараттық құзыреттілік – шеттілдік деректерден керекті мағлұматтар таба білу; мағлұматты бір жүйеден екіншісіне аудара білу (кестеден мәтінге, көзбен шолудан кестеге); құрылған мақсатпен құрылған мағлұматтың мазмұнын бере білу; оқу үдерісінде мағлұматтық технологияларды (интернет, аудио, видео, БАҚ және т.б.) пайдалана білу [1].

М.К. Кабардовтың пікірінше, қатысымдық құзыреттілік – бұл этно және әлеуметтік-психологиялық үлгі-нұсқаның, стандарттың, стереотиптердің жүруі [2]. Ал И.А. Зимняның айтуынша, қиын қатысымдық дағдылар мен іскерліктерді меңгеру, жаңа әлеуметтік құрылымда теңбе-тен іскерлігін қалыптастыру және сөйлесу кезінде шектелу, ырымдары, салт-дәстүрлер, сөйлесу әдебін білу, сыпайылық таныту; ұлттық ділге тән қатысымдық әдісте бағдар ұстау [3].

А.В. Хуторскийдің айтуынша, оқу үдерісіне өту үшін құзыреттілікті іскерлік формасында беру керек. Бұл жағдайда құзыреттілік өзі сәйкес келетін оқу әдісінің мәнін анықтайтын болады. Ол келесі мысалдарды қатысымдық құзыреттілік тұжырымдамасына ұсынады;

- өзін ауызша және жазбаша елестете алу, сауалнама, өтініш, түйіндеме, хат, құттықтау хат жазу;

- өз сыныбын, мектебін, елін мәдениетаралық тілдесу жағдайында елестете алу, бұл үшін шетел тілі білімін қолдану;

- айналадағы мен алыстағы адамдармен және оқиғалармен өзара әрекеттесу тәсілдерін меңгеру;
- ауызша хабарлама айту, сұрақ қоя білу, диалогты жақсы өткізу;
- түрлі сөйлесу іскерліктерін (монолог, диалог, оқу, хат), лингвистикалық және тілдік құзыреттіліктерді меңгеру;
- топта бірлескен іскерлік тәсілдерін, тілдесу жағдаятында әрекет негіздерін меңгеру; ымыраларды іздеу және таба білу;
- көпмәдениеттік, көпэтникалық және көпконфессионалдық қоғамда тарихи күретамыр және әртүрлі ұлттық жалпылық пен әлеуметтік топтардың дәстүрлерді білудің негізінде құрылған позитивтік дағдылар тілдесуіне ие болу [4].

Қатысымдық құзыреттіліктің келесі құрамдас бөліктер көрініс алады:

Қатысымдық құзыреттілік

Лингвистикалық құзыреттілік
Дискурсивтік құзыреттілік
Әлеуметтік құзыреттілік
Социолингвистикалық құзыреттілік
Социомәдени құзыреттілік
Стратегиялық құзыреттілік

Кесте 1. Қатысымдық құзыреттілік

Ал И.Л. Бим өзінің жұмыстарында қатысымдық құзыреттіліктің келесі құрамын атап кетеді: [5].

Қатысымдық құзыреттілік

Тілдік құзыреттілік
Сөздік құзыреттілік
Социомәдени құзыреттілік
Тематикалық құзыреттілік

Кесте 2. И.Б. Бимнің қатысымдық құзыреттілігі

Осы екі кестеден көріп тұрғанымыздай қатысымдық құзыреттілік басқа да құзыреттілік түрлерін, яғни лингвистикалық құзыреттілік, социолингвистикалық құзыреттілік, дискурсивтік құзыреттілік, социомәдени құзыреттілік, әлеуметтік құзыреттілік, стратегиялық құзыреттілік, тілдік құзыреттілік, сөздік құзыреттілік, тематикалық құзыреттілік қамтиды. Екі кестеден И.Л. Бимнің ұсынып отырған қағидасындағы ерекшелікті анық аңғаруға болады.

Қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыру кезінде қатысымдық әдістемені қолдану маңызды. Осыған байланысты білімдік үдерісті қатысымдық деп атауға мүмкіндік беретін төмендегі сиптамалармен жүрген дұрыс:

1. Шеттілдік білім болуы;
2. Шынайы тілдесу;
3. Тұлғалық ой;
4. Кез-келген әрекеттің мотивациялануы;
5. Ойлау белсенділігі;
6. Тілдесудің басқа сөз әрекетімен байланысы;
7. Жағдаят өзара қатынас жүйесі секілді;
8. Функционалдық;
9. Жаңалық және эвристилік;
10. Проблемалық.

Барлық құрамдас қатысымдық құзыреттіліктің өзара қатынасын қалыптастыруды қамтамасыз ету:

1. Қатысымдық іскерліктің дамуы (тілдік білім мен дағдының дамуымен бірдей), дәлірек айтсақ:
  - Әр түрлі қиын емес мәтіндердің мазмұнын оқи және түсіне алу (түгелімен немесе негізінде);
  - Тұрмыстық, мәдени тілдесу негізінде ауызша диалог құра білу;
  - Өзі туралы, өзін қоршаған орта туралы қысқаша ауызша монолог құра білу, оқыған мәтіннің мазмұнын бере білу;
  - Қарапайым мағлұматты жазбаша бере білу, хат жаза алу.
2. Жаплы оқулық және арнайы оқулық іскерліктерді дамыту (оқи алу іскерлігі-кітаппен, оқулықпен, анықтамалық әдебиетпен жұмыс істеу, аударманы пайдалану).

3. Өтемеуіш іскерліктің дамуы (тілдік амалдардың тапшылығы кезінде синонимді қолданудың арқасында қиын жағдайдан шығу).

4. Мәдениетті меңгеруге оқушыларды тәрбиелеу, бұл төмендегіні қалыптастыруға негіз болады:

- адамгершілік құндылықтар жүйелері;
- әлемге эмоционалдық қатынас;
- шетел тіліне, ұлттық мәдениетіне, өзара түсінушілік, толеранттылыққа жақсы қатынаста болу;
- шетел тілін оқудың маңыздылығын түсіну.

5. Білім алушыларда ізденушілік іскерлігін дамыту:

- тілдік және танымдық қабілеттіліктерді;
- бағдарларды, сезімдерді және эмоцияларды;
- шетелдік тілдесуге түсу қабілеті және дайындығы, шетел тілінде өз бетімен білімге деген қажеттілік.

6. Шетел тіл амалдарының құрылуы:

- өз ойлау ерекшелігін түсіну;
- оқып жатқан тілді ана тілімен салыстыру, әр тілдің ерекшелігін сезіну;
- елдің мәдениет, тарих және салт-дәстүрлері туралы білу;
- ұлттық мәдениеттің (өзінің және өзгенің) жетістіктері туралы [6].

Қорыта кеткенде, шетел тілін оқыту барысында қатысымдық құзыреттілікті дамыту өте маңызды. Шетелдік ғалымдардың пікіріне сүйене отырып, шетел тілі сабағында қатысымдық құзыреттіліктің маңыздылығына көзіміз жетті. Қатысымдық құзыреттіліктерді дамытуда мына мәселелерге көңіл аудару қажет:

- өзін ауызша және жазбаша түсіндіру, сауалнама, өтініш, түйіндеме, хат, құттықтау хат жаза алу,

- өз тобында, білім ордасында, елін мәдениетаралық тілдесу жағдаятында елестете алу,
- айналадағы мен алыстағы адамдармен және оқиғалармен өзара әрекеттесу тәсілдерін меңгеру;
- ауызша хабарлама айту, сұрақ қоя білу, диалогты құра алу;
- түрлі сөйлеу іскерліктерін (монолог, диалог, оқу, хат), лингвистикалық және тілдік құзыреттіліктерді меңгеру;

- топта бірлескен іскерлік тәсілдерін, тілдесу жағдаятында әрекет негіздерін меңгеру; ымыраларды іздеу және таба білу;

- көпмәдениеттік, көпэтникалық және көпконфессионалдық қоғамда тарихи күретамыр және әртүрлі ұлттық жалпылық пен әлеуметтік топтардың дәстүрлерін білудің негізінде құрылған позитивтік дағдылар тілдесуіне ие болу.

Сонымен аталған мәселені қорыта келе біздің пайымдауымызша мәдениетаралық қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыруда өзге мәдениет өкілдерімен шынайы қарым-қатынас орнату мақсатында өзге мәдениет ерекшеліктерін және де өз мәдениетінізді құрметтей отыра, мәдениетаралық қатысымдық негізінде өзара түсіністік қабілетін қалыптастырып, оны мақсатқа бағытталған түрде қолдана отырып нәтижелі қарым-қатынас орната алу қабілеті болып табылатынын нақты түсіндік.

#### ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Садохин А.Г. Введение в теорию межкультурной коммуникации. - Москва: «Высшая школа», 2004 г.
2. Кабардов М.К. Языковые и коммуникативные способности / М.К. Кабардов, Арцишевская Е.В. // Способности и склонности. - М., «Педагогика», 1989 г.
3. Зинья И.А. Ключевые компетентности как результивно-целевая основа компетентного подхода в образовании / Авторская версия / И.А. Зимняя. - М., Московский исследовательский центр подготовки специалистов. 2004 г.
4. Гальперин П.Я. Актуальные проблемы возрастной психологии. - Москва: Издательство Московского Университета, 1978 г.
5. Бим И.Л. Обязательный минимум содержания основных образовательных программ. - М., «Педагогика», 1999 г.
6. Хухлаева О.В. Психология развития: молодость, зрелость, старость. Учебное пособие. – М.: «Педагогика», 2002.
7. Бим И.Л. «Некоторые проблемы обучения диалогической речи». - Иностранные языки в школе. 1979, №5, 20 б.
8. Рогова Г.В., Рабинович Ф.М., Сахарова Т.Е. «Методика обучения иностранному языку в средней школе». - Москва: Просвещение, 1991, 82 б.

# ШЕТЕЛ ТІЛІ МҰҒАЛІМІНІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАЯРЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Суттибаев Н.А. аға оқытушы

Түлеубаева Б.Б., аға оқытушы

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

Алматы, Қазақстан

Андатпа. Құзіреттілік білім беру жағдайындағы инновациялық үрдіс-нысанның, педагогикалық идеяның деректер мен тұжырымдамалардың, теорияның әдіс тәсілдердің жаңа сапалық өзгерістерін қамтамасыз ететін үрдіс. Педагогикалық қауымдастық сұранысын қанағаттандыратын, қоғамдық педагогикалық құндылықтарына сәйкес жаңаны меңгеру, қолдау, талдау, салыстырмалы бағалау. Білім алушылардың интеллектуалдық потенциалын дамытуға, қатысымдық құзіреттілігін қалыптастыруға, өз бетімен білім алу біліктіліктерін қалыптастыруға, ақпараттық оқу, зерттеу әрекетін ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: тұжырымдама, инновациялық, құзіреттілік, үрдіс, технология, заманауи

Abstract. Competence is a process that ensures new quality changes in theoretical approaches, concepts and data about a pedagogical idea, object-based innovative process in teaching. Comparative evaluation, analysis, support, learning new material based on pedagogical values, that would meet the needs of pedagogical community. It provides opportunities to develop intellectual capacity of students, to develop skills for self-education, to create the ability to study, ability to informative learning.

Key words: concept, innovative, competence, tendency, technology, modern

Қазақстан Республикасының «Қазақстан-2050» стратегиясында қалайтындардың барлығы үшін қашықтан оқытуды және онлайн режимінде оқытуды қоса, отандық білім беру жүйесіне инновациялық әдістерді, шешімдерді және құралдарды қарқынды енгізу [1].

Елімізде білім берудің басты мақсаты – білім алып, білік пен дағды машыққа қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, қарқынды дамып жатқан бүгінгі дүниеде өмір сүру және білікті маман болып табылады.

XXI ғасырда қоғам мен мемлекет дамуының ең басты тетігі білім болып табылатыны мойындалды, оған ғасырлар тоғысында білімді халықаралық деңгейде дамытудың бағыттарына арналған реформалардың, соның ішінде Болон үрдісінің қарқынды дамуы дәлел. Қазақстандағы білім беру саласындағы жүйелі өзгерістер әлемдік деңгейдегі болып жатқан жаңашыл бастамалармен үндесіп отыр:

- Қазақстан Республикасының «Қазақстан-2050» стратегиясы; [1].

- Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы; [2].

- Қазақстан Республикасының 2005-2010 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік білім бағдарламасы; [3].

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты; [4].

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңы» (27.07.07 № 320 ІІІ ҚРЗ); [5].

Үшінші мыңжылдық – құзіреттілік білім беру жағдайында оқытушының инновациялық даярлығын қажет ететін жаңа формацияның оқытушының инновациялық іс-әрекетінің кезеңі.

Инновациялық үрдіс білім беру жүйесін жаңарту және дамыту ғана емес қоғамның, Қазақстанның өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында жаңа қоғамның, жаңа әлемнің жаңа оқытушының қажеттілігінен туындаған үрдіс.

Құзіреттілік білім беру жағдайындағы инновациялық үрдіс-нысанның, педагогикалық идеяның деректер мен тұжырымдамалардың, теорияның әдіс тәсілдердің жаңа сапалық өзгерістерін қамтамасыз ететін үрдіс. Педагогикалық қауымдастық сұранысын қанағаттандыратын, қоғамдық педагогикалық құндылықтарына сәйкес жаңаны меңгеру, қолдау, талдау, салыстырмалы бағалау.

Қоғамдағы білім беру саласындағы инновациялық үрдістер мен реформалар педагогика ғылымына «инновациялық білім», «инновациялық даярлық», «инновациялық іс-әрекет», «инновациялық технология», «оқытушының инновациялық даярлығы» және т.б. өмірде жүзеге асуда.

Әр ғылымдарда соңғы жылдары «инновация», «технология» терминдеріне әр түрлі анықтамалар берілуде.

Инновация дегеніміз – жаңа мазмұнды ұйымдастыру, жаңалық енгізу, жаңа үлгілердің бағытындағы нақты әрекет, нақтыланған мөлшердің шегінен шығатын кәсіптік іс-әрекеттің жаңа сапалы деңгейіне



көретілуі, жаңа нәтижесі қамтамасыз ететін теориялық, технологиялық және педагогикалық іс-әрекеттің біртұтас бағдарламасы [6].

Инновациялық іс-әрекет – педагогикалық еңбектің сапасын арттыратын оқу – тәрбие үрдісін жаңа бағытта құру бойынша түбегейлі өзгерістер мен ерекшеленетін жаңаша іс – әрекет [7].

Технология - бұл қандайда бір істе, өнерде қолданылатын амал-тәсілдердің жиынтығы, дидактикалық жүйенің құрамдас бөлігі.

Педагогикалық технология – тұтас педагогикалық үрдісінің мақсатына жету үшін білім алушы мен оқытушыға бірдей қолайлы жағдай тудыра отырып заманауи оқу құрал-жабдықтарын, әдістемелік кешендерді жүйелі пайдалануды көздейтін оқытушы мен білім алушының бірлескен іс-әрекетін жобалаудың жан-жақты ойластырған жүйесі. [8, 208-б]

Оқытушының инновациялық даярлығы – оқытушының инновациялық педагогикалық технологияны меңгеруі және оның өз іс-тәжірибесінде пайдалана алуына қажетті жаңа білім, білік, дағдыны меңгеруі.

Оқытушының инновациялық даярлығын қалыптастыру инновациялық білім беру мен оқыту арқылы жүзеге асырылады. [9, 258-б]

Инновациялық оқыту дегеніміз – қазіргі кезеңдегі әлеуметтік, мәдени ортадағы инновациялық өзгерістерді жете қарастыратын үрдіс және оқу, білім беру әрекетінің нәтижесі.

Сонымен, оқыту оқытушының инновациялық даярлығын қалыптастыру үшін оларға инновациялық білім беріп, инновациялық оқыту жүргізілуі тиіс. Бұл үшін оқытушының инновациялық даярлығын қалыптастыру тұжырымдамасын жасау және оны жүзеге асыру керек [10].

Тұжырымдаманың мақсаты – құзыреттілік білім беру жағдайында инновациялық педагогикалық технологияны меңгеру арқылы мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастыру.

Заманауи оқытушылар ғалым – педагогтердің соңғы жылдары жүргізген ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде педагогикалық инноватика, педагогика ғылымының жеке саласы ретінде, жеке ғылым ретінде өз мәртебесін алды. «Педагогикалық инноватика» және «педагогикалық технология» арнайы оқу пәндерінің мақсаттары, міндеттері, нысаны-пәні, құзіреттері, дәстүрі, факторлары, ұстанымдары, заңдары, заңдылықтары, теориялары, көздері, ұғымдары, терминдері мен категориялары анықталып, олардың әдіснамасы, теорисы мен тәжірибесі жасалынды [11].

Сонымен шетел тілі сабағында заманауи технологиялар, тілді белсенді оқытудың түрлері мен әдіс-тәсілдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Білім алушылардың интеллектуалдық потенциалын дамытуға, қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыруға, өз бетімен білім алу біліктіліктерін қалыптастыруға, ақпараттық оқу, зерттеу әрекетін ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Білім алушының білімге деген қызығушылығын кешенді ұсынатын және көру, есту негізінде қабылданатын ақпаратты құбылтып өзгертетін құралдар арқылы арттырады.

#### ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Егемен Қазақстан» газеті, «Қазақстан – 2050» стратегиясы 15/12/2012. - Астана, Ақорда 2012.
2. «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы»; - «Егемен Қазақстан» газеті, 9.01.2004 ж.
3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. - «Егемен Қазақстан», 16 қазан, 2004.
- 4.«Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты» - <http://www.nao.kz/library>.
5. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. - Астана, 2007.
6. Кларин М.В. «Педагогическая технология в учебном процессе» Анализ зарубежного опыта. - Москва, Знание, 1989.
7. Бұзаубақова К.Ж. «Жаңа педагогикалық технология». - Тараз, 2003, 208 б.
8. Бұзаубақова К.Ж. «Мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастыру». - Алматы, Жазушы, 2006, 258 б.
9. Ляудис В.Я. «Инновационное обучение и наука: научно-аналитический обзор». - Москва, РАН, 1992.
10. Сластен В.А., Подымова Л.С. «Педагогика: инновационная деятельность». - Москва, ИЧП Издательство «Магистр», 1997.
11. Ивахнова Л.А. «Научные основы подготовки учителя к конструированию содержания учебных предметов». - Москва, Просвещение, 1980.

# ОҚУ ҮРДІСІНДЕ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҚАБІЛЕТІН ДАМУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Нұртаева А.Б.

e-mail: aikosh\_72@mail.ru

Қазақ Мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Оқу үрдісі білім беру, игеру, тәрбиелеу және дамыту міндеттерін іске асыруға бағытталған оқытушы мен оқушы арасындағы мақсат бағдарлы өзара байланысты іс-әрекет. Оқу адамды барлық уақытта тәрбиелейтіні белгілі және оқушылардың қабілетін дамытуда маңызды рөл атқарады.

Тірек сөздер: оқу үрдісі, білім, дамыту, тәрбие, қабілет, маңызды.

Abstract. Education, development, education and the learning process are aimed at realizing the goals of developing relations between the teacher and the student by purposeful action. It is known that education always educates people and plays an important role in developing students' abilities.

Key words: educational process, education, development, education, skill, important.

Біртұтас педагогикалық процесті құраушы екі бірліктің біреуі – оқу процесі. Бұл процесс өте күрделі, сипаты жағынан ол тек тәрбие және даму процестерінен кейін тұруы мүмкін. Сондықтан оған толық та жан-жақты анықтама беру қиынға соғады. Оқу процесі әр текті және табиғаты жағынан әртүрлі көптеген жағдаяттардың мың санды байланыстары мен қатынастарын қамтиды [1].

Ежелгі және орта ғасырлық ойшылдардың шығармаларында “оқу”, “оқу процесі” ең алдымен мақсаты - оқушы болған оқыту қызметін білдірген. Ғасырымыздың басында оқу ұғымы енді осы процесті құрайтын екі бірлікті – оқыту қызметі мен оқып- үйренуді қамтитын болды. Оқыту – оқу материалын игеруге ынталандырушы мұғалімдердің қызметін, ал оқып- үйрену ұсынылған білімдерді игеруге бағышталған оқушылар іс-әрекетін танытады. Кейінгі жылдары «оқу» ұғымы оқушылардың танымдық іс-әрекет тәсілдерін қалыптастырушы мұғалімнің басқару іс-әрекетін де, мұғалімдер мен оқушылардың бірлікті іс-әрекетін де аңдататын болды. Мұғалім мен оқушының бірлікті іс-әрекеті болған оқу процесінің мәні оқыту мен оқып үйренудің бірлігін аңдатады. Бүгінгі түсінік тұрғысынан оқу мынадай белгілерімен сипатталады: 1) екі тараптылық; 2) мұғалім мен оқушының бірлікті әрекеті; 3) мұғалім тарапынан басқарым; 4) жоспарлы ұйымдасу және басқару; 5) біртұтастық және бірлік; 6) оқушылардың жас даму заңдылықтарына сәйкестік; 7) оқушылардың дамуы мен тәрбиесіне жетекшілік [2].

Оқу және білім беру проблемалары педагогиканың дидактика бөлімінде зерттеледі. «Дидактика» термині грек тілінен енген, аудармасы «үйретуші» дегенді білдіреді. Алғашқы рет бұл сөз неміс педагогы Вольфганг Ратке шығармаларында қолданылып, оқыту өнері мәнін байқаған. Ал Я.А.Коменский дидактиканы «баршаны барлық нәрсеге үйретудің әмбебап өнері» деп түсіндірген. XIX ғасырдың басында неміс педагогы И.Гербарт дидактиканы тәрбиелеп оқытудың өз алдына тұтас және қайшылықсыз теориясы ретінде таныған [3].

Дидактиканың негізгі міндеттері В.Ратке заманынан бері қарай өзгерместен келе жатыр. Олар: нені үйрету және қалай үйрету проблемасын шешу; қазіргі заман педагогикасы бұларға қоса –қашан, қай жерде, кімді және не үшін оқыту қажет деген мәселелерді қарқынды зерттеуде. Дидактиканың негізгі категорияларын танытушы келесі ұғымдар белгіленген: оқыту, оқып-үйрену, оқу, білімдену, білім, ептілік, дағды, сонымен бірге оқу мақсаты, мазмұны, ұйымдастырылуы, түрлері, формалары, әдістері, құрал-жабдықтары, нәтижесі (өнімі).

Дидактикалық жүйе және оқу технологиясы да осы категориялық ұғымдар тұрғысынан танылуы тиіс. Осыдан қысқа да ауқымды анықтама келіп шығады: дидактика- бұл оқу және білімдену, олардың мақсаттары, мазмұны, әдістері, құрал-жабдықтары, ұйымдастырылуы мен нәтижелері жөніндегі ғылым. [3]

Дидактика өз пәні аймағында іске қосылатын заңдылықтарды зерттейді, оқу процесінің барысы мен нәтижесіне негіз болар тәуелділіктерді талдайды, жоспарланған мақсаттар мен міндеттердің орындалуын қамтамасыз етуші әдістер, ұйымдастыру формалары мен құрал-жабдықтарын белгілейді. Осының арқасында ол екі басты функцияны атқарады: 1) теориялық; 2) практикалық.

Дидактика барша пәндер бойынша және оқу іс-әрекетінің барлық деңгейіне орайластырылған оқу жүйесін біріктіреді. Зерттелуші болмысты қамту шеңберіне байланысты дидактика жалпы және жекеленген болып бөлінеді. Жалпы дидактиканың зерттейтін пәні: оқыту мен оқып үйренуді, оларды туындатқан жағдаяттары мен оларды орындау шарттары және соның арқасында жетілетін

нәтижелерімен бірге анықтау. Жекеленген дидактика оқыту әдістемесі деп аталады. Ол әртүрлі оқу пәндерінің желісін, мазмұнын, оқыту формалары мен әдістерін қарастырады. Әр оқу пәні өз әдістемесіне ие [4].

Оқу үрдісі – шынайы болмыстағы қиын да қыстаулы, күрделі процесс. Ол өз ішіне көптеген құрылымы, деңгейі әр текті және табиғаты бір-біріне ұқсамаған жағдаяттардың сан қилы байланыстары мен қатынастарын қамтиды. Сондықтан да «оқу үрдісі» түсінігіне толық және жан-жақты анықтама беру қиындау. Солай да болса, қазіргі педагогика ғылымында «оқу үрдісі» ұғымына орай келесідей анықтама қабылданған: «оқу үрдісі – бұл барысында білім беру, игеру, тәрбиелеу және дамыту міндеттерін іске асыруға бағытталған оқытушы мен оқушы арасындағы мақсат бағдарлы өзара байланысты іс-әрекет».

Оқу үрдісі екі тарапты сипатқа ие. Оның құрамы өзара табиғи байланыстағы екі түрлі әрекеттен тұрады: оқыту – мұғалімнің оқу материалын меңгеруге орай ұйымдастыратын оқу-үйрету іс-әрекеттері және оқып үйрену – білім меңгеру мақсатындағы оқушының іс-әрекеттері. Бұл екеуі арасындағы байланыстырушы тетік – бірлікті іс-әрекеттерді жанамаластыратын оқу мазмұны. [4]

Оқу негізінде мұғалім үшін осы үрдіс мазмұнының базалық бірліктері болып есептелетін, әрі оқушылар тарапынан игерілуі тиіс өнім ретінде білімдер, ептіліктер және дағдылар жатады.

Оқу үрдісінің қызметтері. Оқу процесі бірнеше қызметтерді – білімдендіру, дамыту, тәрбиелеу, ынталандыру және ұйымдастыру – атқарады. Бұлардың бәрі кешенді іске қосылады, алайда, тәжірибелік іс-әрекетті дұрыс ұйымдастыру, оқу міндеттерін тиімді жоспарлау үшін олардың әрбірін өз алдына қарастырған жөн [4].

Оқу үрдісінің білім беру қызметі ең алдымен білім, ептілік, дағдыларды, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесін қалыптастыруға бағытталады.

Білім беру және тәрбиелеу қызметтерімен бір қатар оқу үрдісі балаға дамыту ықпалын да жасайды. Оқып, білім игере отырып, оқушы жан-жақты дамуы тиіс, яғни тұлғаның сөйлеу тілі, ой толғауы, сезімдік және қозғалыс ептіліктері көңіл-күй-еріктік, қажетсіну қабілет-қасиеттері ілгерілі даму өзгерістеріне келеді. “Даму басы - оқу”(Л.С.Выготский)- бұл аса маңызды психологиялық заңдылық. Сабақ барысында мұғалім қаруы болған білім мазмұны, ол қолданған оқу формалары мен әдістері, сондай-ақ оқушылардың белсенді, саналы да әрқилы іс-әрекеттері – бәрі де даму өзегі.

Дұрыс ұйымдастырылған оқу әрқашан дамыту қызметін атқаратыны сөзсіз, дегенмен оның нәтижелі іске асуы арнайы бағыт-бағдардың болуына тәуелді [5].

Бүгінгі таңда оқудың дамытушылық қызметін іске келтіретін талай технологияларын мұғалімдер табысты қолданып жүр.

Білім беру, тәрбиелеу және дамыту қызметтерімен қатар педагогика ғылымында оқудың ынталандыру және ұйымдасу қызметтері де өз алдына қарастырылуда. Оқу үрдісін шәкірттерді алдағы оқу-танымдық жұмыстарға еріксіз тартатындай, келер сабаққа ынтық болып күтетіндей дәрежеде құрастыру, оқушыны жаңаны білуге ынталандыратындай етіп ұйымдастыру қажет [5].

Мұғалім оқушылардың қызығу қабілеттерінің дамуына мұқият ден қоя отырып, олардың алдына түсінігі және шешілуі жағынан қиналпайтын проблемалар қойып баруы қажет. Оқушылар, өз кезегінде, осы проблемаларды шешуден өздеріне жаңалық әрі пайдалы болған білімдерді игеретініне сенімді болуы тиіс. Сабақтар «толық ойлау актілері» негізінде құрылып, одан оқушылардың келесі ептіліктерді игеруі күтіледі:

- нақты қиыншылықты сезу;
- оны (проблеманы) анықтау;
- кезіккен қиыншылықты жеңудің болжамын (гипотезасын) түзу;
- толық проблеманы немесе оның бір бөлігін шешудің жолын табу;
- болжамды бақылау немесе эксперименттер жәрдемімен тексеру»;

«Дәстүрлі» жүйемен салыстырғанда, Дж.Дьюи өте батыл жаңалықтар, күтілмеген шешімдер ұсынды. «Кітаби оқу» орнына негізінде оқушылардың өзіндік таным әрекеттері болған белсенді оқу мектеп тәжірибесіне енді. Ауызша және жазбаша сөздің орнына оқушылардың өзіндік дербес зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруға бағытталған теориялық және практикалық дәрістер келді [5]. Кейінгі кезеңдерде жүргізілген зерттеулер ежелгіден, дәстүрлі және жаңашыл дидактикалық жүйелерден ең құнды болған тараптарын сақтап қалып, күнделікті маңызды болған мәселелерді шешудің жаңа жолдарын табуға бағытталды. Бұл ізденулерден кейін орын иеленген оқу жолдары бүгінгі заман дидактикасының жаңа жүйесін құрады.

Жаңа бағыттар арасында белгілі американ психологы және педагогы Дж. Бруннер ұсынған «жаңалықтар ашумен оқыту» бағыты назар аударарлық. Бұл теорияға орай оқушылар барлық танымдық күштерін іске қосуды талап ететін және өнімді ойлау қабілетінің дамуына ұтымды ықпал жасаушы өз белсенділігімен ашқан жаңалықтары негізінде дүниені танып, білімдер игеруі қажет.

Оқушылар бұған дейін білмеген қорытындыларды жасап, оларды өз бетінше өрнектеп, тәжірибеде қолдану жолдарын да игеруі қажет. Мұндай шығармашылық оқу «дайын білімдерді» игеруден де, сондай-ақ қиыншылықтарды жеңу жолымен жүргізілетін оқудан да өзгеше, дегенмен аталған екі жүйе де Бруннер теориясының негізі әрі қажетті шарттары ретінде пайдаланылған. Шығармашыл оқуға тән белгі, Бруннердің пайымдауынша, нақты тақырып бойынша деректерді жинақтау және бағалау, солардың нәтижесінде белгілі қорытынды ғана өрнектеу емес, сонымен бірге игерілетін материалдардың шеңберінен сыртта жатқан заңдылықтарды да анықтау [6].

Сонымен, ежелгі заманнан бері балаларды оқыту мен білім берудің жетілген жолдары іздестірілуде. Мұғалімдер көптеген бағыттарды өз тәжірибесінде тексеріп, сынап көруде [7]. Ғылым топтаған білімдердің аса құндылары, озық тәжірибе, дидактикалық жүйелерге енуде. Мектептің қазіргі заман білім беру жүйесіне И.Гербарт және Д.Дьюи жүйелері көп ықпал жасады. Бірақ қазіргі заман дидактикасы оқудағы бір тараптылық ұстанымнан бас тартып, бала жөніндегі ғылыми білімдердің бар комплексін пайдалану теориясына ден қойды.

Оқу үрдісінде бастауыш сынып оқышыларының қабілетін дамыту мәселелері үнемі дамып, жетілдіріліп отыр. Қоғамның басты талабы, білім беруді дамытудың қайнар көзі болып табылады.

Олай болса, қазіргі заман талабына сай келешек ұрпақ шет тілін меңгеруі тиіс. Себебі қазір көп жерде шет тілі қолданысқа ие. Шет тілін меңгерту үшін әрбір жас ұрпаққа ана тілімен қосымша шет тілін меңгерту керек. Ол процесс мектеп жасынан басталады, яғни бастауыш сыныптардан бастап ағылшын тілін оқыту қазіргі таңда басты нысандардың біріне айналып отыр. Демек, балалардың бастауыш сынып кезеңінен бастап тіл үйренуге қабілеттіліктерін дамыту маңызды болып табылады [7].

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Рогова Г.И., Рабинович Ф.М., Сахарова Т.Е. Методика обучения иностранным языкам в средней школе.-К. 1991.
2. Гальскова Н.Д. Современная методика обучения иностранным языкам.-Л.: Просвещение, 1977.
3. Республикалық әдістемелік педагогикалық журнал. Мектептегі шет тілі. №5 (17). 2005.
4. Шетел тілін оқыту әдістемесі. №4 (12). 2006.
5. Мектептегі шет тілі. №3 (21). 2006.
6. Шатилов С.Ф. Методика обучения немецкому языку в средней школе. Общие вопросы методики.-Москва.1974.
7. Кунабаева С.С. «Современное иноязычное образование: методология и теории». А. 2004.

## АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Құдайбергенова.А.Қ

Ann\_92\_18@mail.ru

Қазақ Мемлекеттік Қыздар Педагогикалық Университеті

Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Ағылшын тілі сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру дегеніміз – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету. Осыған сәйкес мен өзімнің мақаламда оқыту барысында қарапайым коммуникативтік біліктілікті, қажетті жағдайда ауызша және жазбаша (сөз, тыңдап түсіну, оқу, жазу) өзара мәдени қарым-қатынас процессінде қолдана алу қабілеттілігі мен дайындығын қалыптастырудың жолдарын қарастырдым.

Түйін сөздер: функционалдық сауаттылық, минималды сауаттылық, стандартты диалог, рөлдік ойындар, коммуникативтік сауаттылық, графикалық белгілер.

Abstract. Improving student's functional literacy at the English lesson is the development of learner's ability to gain a deep understanding of the subject, to use it effectively outside of the classroom and any other situations. This article considers simple communicative skills in teaching process, to use oral and written (word, comprehension, reading, writing) intercultural communication.

Key words: functional literacy, minimum literacy, standard dialogue, role-playing games, communicative literacy, graphic symbols.

